«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ ЖАНЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы *29.04.2022 жыл*

Төраға: М.Садықбеков – Ғылыми кеңес төрағасы, директор
Хатшы: А.Уркинбаева – Ғылыми кеңес хатшысы, ғылыми қызметкер
Қатысқандар: М.Тастанбеков – Директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары
Б.Нұрханов – Директордың шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары
Б.Байболов – Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы
М. Тұяқбаев –Т.ғ.к., археолог
Д. Кенжетай – Ф.ғ.д., профессор
М. Қожа - Т.ғ.д. профессор
Б.Зұлпыхар – Есеп бөлімінің басшысы
Н.Әшірбекова – Қор сақтау және есепке алу бөлімінің басшысы
А.Кәрім - Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және есепке алу бөлімінің басшысы
Н.Таңатаров – Экскурсия және насихат бөлімінің басшысы

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қ.А.Ясауи кесенесінің сақталу жағдайы бойынша
2. Қазыбек бидің туылғанына 355 жыл толуына орай «Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу мәселесі бойынша
3. Музейдің ғылыми қызметін ұйымдастыру мәселесі бойынша
4. Әр түрлі мәселелер

М.Садықбеков: Күн тәртібі бойынша ұсыныс бар ма? Ұсыныс жоқ болса, бірінші мәселе бойынша Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және есепке алу бөлімінің басшысы А.Кәрімді тыңдайық.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сақталу жағдайы бойынша Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және есепке алу бөлімінің басшысы А.Кәрім баяндама жасады. (*Баяндама тіркелді*).

А.Кәрім: Музейге қарасты тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімінің күнделікті бақылау жұмыстары барысында кесененің сақталуына қатысты орын алған жағдайлар бойынша дефектілік актілер түзіліп, «Қазқайтажаңарту» РМК мекемесіне жұмыс процесі барысында қосымша хабарландырылады.

Соңғы 4 жылда күнделікті бөлім тарапынан жүргізілген бақылау жұмыстары барысында кесененің сақталу жағдайы күрделі болып отыр.

Ең қауіпті жарықтар **«Қазандық»** бөлмесіндегі сталактиттердегі жарықтар болып отыр. Сталактиттердің жоғарыдан сынып түсу жағдайлары 2020, 2021 жылдары жиі орын алғандығы, яғни төменге түскен сынықтардың 20-30см дейін бөлініп шашыраған. Бұл өз кезегінде тарихи ескерткіштің тұрақты сақталуына және келуші туристердің қауіпсіздігіне

айтарлықтай қауіп төндіруде. Бұл жағдайлар бойынша дефектілік актілер түзіліп, «Қазқайтажаңғырту» РМК, ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне әр жылдары шұғыл хаттар жолданды.

Бұдан бөлек, кесененің «Қазандық», «Асхана», «Құдықхана» және «Мешіт» бөлмелеріндегі ылғалдың әсерінен пайда болған дақтардың ұлғаю процесі жылдам жүріп жатқандығы анықталып отыр. Күрделісі Мешіт бөлмесінің оңтүстік аркасының жарылғандығы және шамамен 20х20см дей ойылып түскендігі және төрт қабырғаның төменгі жақтары ылғалданып тұзданып сыртқы кафелдермен ақталған қабыршықардың көтеріліп түсуі орын алған. Құдықхана бөлмесінің ішкі жоғарғы бөлігі ылғалданып қабыршықтар түсіп жатқандығы және қабырғаның күн шығыс төменгі жақтарының қабыршақтары түсіп жатқандығы, дәл осы жағдай Асхана бөлмесінде де жүруде. 2012 жылы кесененің бөлмелеріндегі ылғалдылық мөлшерін анықтайтын «ИВА-6» аппараттары алынған болатын. Бұл қондырғылар 2016 жылға дейін жұмыс істеп, одан әрі қарай мерзімі өтуіне байланысты жарамсыз күйде. Яғни, қазіргі таңда жұмыс атқарып тұрған 5 дана Ива-6 аппараттары дұрыс мәлімет бермейді.

Кесене аумағын абаттандыру барысында «Базис» құрылыс компаниясы тарапынан 12 дренажды құдықтар көміліп қалған болатын. 2022 жылдың сәуір айында дренаж құдықтары қайта ашылып, тазалық жұмыстары жүргізіліп, 10 күн сайын су деңгейін өлшеу жоспар бойынша жүзеге асырылуда.

М.Садықбеков: Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ болса, Комиссия Директордың шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары Б.Нұрхановты тыңдайық.

ПІКІР

1.Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазіргі таңдағы сақталу жағдайының күрделігін назарға ала отырып, кесене бөлмелерінің жылу-ылғалдылық режимін (ауа-райына байланысты басқа да факторлар) бақылап отыру маңызды мәселе. Осыған орай жылу-ылғалдылық режимін бір орталықтан бақылап, күнделікті диаграммалық есебін алып отыру үшін ылғалдылық пен температура деңгейін бақылауға арналған цифрлық құрылғыларды орнату бойынша ұсыныс енгіземін. Аталған құрылғылар бөлмелердің әр аумақта орналасуына қарамастан кабельдік жүйе арқылы бір орталыққа яғни жұмыс станциясына есебін жеткізу мүмкіндігіне ие. Бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесіне ғимараттың жылу-ылғалдылық режимі, құрылыс жарығын бақылау құрылғылары енгізілген. Бұл өз кезегінде тарихи обьектілердің тұрақты түрде сақталуына қатысты жұмыстарды сапалы жүргізуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Қазіргі таңда кесенеде орнатылған ИВА-6 аппараттарының ескіріп, мерзімі өтуіне байланысты Ресей мемлекетінен жаңа үлгідегі ИВА-6 аппараттарының кемі 7 данасын сатып алып, кесененің ылғалдылығына қатысты алғашқы мәліметтерді алу бойынша ұсыныс енгіземін.

2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сақталу жағдайына қатысты, соңғы жылдардағы реставрациялық жұмыстарды негізге ала отырып, реставрация және консервация бойынша шет ел ғалымдарын қатыстыра отырып Халықаралық деңгейде дөңгелек үстел ұйымдастыруды ұсыныс ретінде енгіземін. Бұл өз кезегінде кесененің сақталу жағдайына қатысты шешімдерді, есептерді дұрыс бағытта жүргізуге мүмкіндік береді.

М.Садықбеков: Бірінші мәселемәселе бойынша ұсыныстар бар ма. Егер айтылған мәселелерге алып-қосарларыңыз болмаса, баяндама тіркелсін.

Қаулы жобасы:

1.1 Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазіргі таңдағы сақталу жағдайы назарға алынсын;
1.2 Кесенеде орнатылған аппараттардың мерзімі өтуіне байланысты жаңа үлгідегі аппараттармен қамтамасыз етілуі назарға алынсын;
1.3 Реставрация және консервация жұмыстары бойынша шет ел ғалымдарын қатыстыра отырып, Халықаралық деңгейде дөңгелек үстел ұйымдастыру назарға алынсын;

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жанындағы
Ғылыми кеңестің № 4 отырысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қ.А.Ясауи кесенесінің сақталу жағдайы бойынша;
1.1 Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазіргі таңдағы сақталу жағдайы назарға алынсын;
1.2 Кесенеде орнатылған аппараттардың мерзімі өтуіне байланысты жаңа үлгідегі аппараттармен қамтамасыз етілуі назарға алынсын;
1.3 Реставрация және консервация жұмыстары бойынша шет ел ғалымдарын қатыстыра отырып, Халықаралық деңгейде дөңгелек үстел ұйымдастыру назарға алынсын;
2. Қазыбек бидің туылғанына 355 жыл толуына орай «Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу мәселесі бойынша;
2.1 «Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастыру жұмысы пысықталсын;
2.2 Конференцияға музей-қорығының бөлім қызметкерлерінің мақала ұсынылуы қадағалансын;
2.2 «Қаз дауысты Қазыбек бидің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына музей қызметкерлері толық жұмылдырылсын және бұл жұмысты бөлім басшылары қадағаласын;
3. Музейдің ғылыми қызметін ұйымдастыру мәселесі мәселесі бойынша;
3.1 Ғылыми-зерттеу бөліміне мамандар, атап айтқанда тарих ғылымының кандидаттары мен докторлары тарту назарға алынсын;
3.2 Қор сақтаушы қызметкерлердің штатын ғылыми қызметкерлік штатқа өткізу мәселесі қаралсын;

4. Әртүрлі мәселелер

Төраға: **М.Садықбеков**

Хатшы: **А.Уркинбаева**